



БҰЙРЫҚ

22.04.2025 ж

Комсомол селосы

ПРИКАЗ

№ 70

село Комсомольское

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК (бұдан әрі – басқарма) қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ішкі талдау) жүргізілсін.
2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес комиссия мүшелерінің құрамы бекітілсін.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған жалпы кезең 2025 жылдың 01 мамыр-01 маусым аралығы белгіленсін.
4. Ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:
 - 1) Колледждің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 2) Колледждің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметін қозғайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
5. Ішкі талдауды жүргізуді ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Мустафина Сандугаш Есетқызына** жүктелсін.
6. Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат, оларды жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама әзірленсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Колледж директоры  **М.С.Жиенкожаев**

Таныстырылды:

С.Е.Мустфина 